



Тақырып: Әлеуметтену және ұқсастық. Ауытқу, қылмыс және әлеуметтік бақылау

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Дәріскер: аға оқытушы Сарсенбеков Н.Ж.

Қарағанды 2022



Дәріс жоспары

1

Тұлға проблемасы

2

Әлеуметтену. Тұлға туралы теориялар

3

Тұлғаның әлеуметтену процесі.

4

Девиантты мінез құлық әлеуметтануы.

5

Әлеуметтік бақылау

Тұлға **проблемасы** бірқатар ғылымдардың-философия, социология, психология, педагогика және т.б. ғылымдардың зерттеу объектісіне жатады.

Мәселен, философия тұлғаны таным мен творчествоның, іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырса, психология оны психикалық қасиеттер мен процестердің мінез-құлық, темперамент, қабілет, т.б. тұрақты жиынтығы ретінде зерттейді.

Осы аталған және басқа да ғылымдардың ғылыми мәліметтеріне сүйене отырып, әлеуметтану ғылымы тұлғаны әлеуметтік өмірге белсенді түрде араласатын, әлеуметтік қатынастардың субъектісі ретінде қарастырады. **Тұлға** - әлеуметтанудың өзекті проблемаларының бірі, өйткені қоғамдағы болып жататын әлеуметтік құбылыстар мен процестердің, сол сияқты жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің себептерін, мәнін жеке тұлғалардың мәнді сипатты белгілері арқылы түсінуге болады. Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның мінез-құлқы арқылы тұтас топтың, қоғамның өмірін түсінуге болады. Әлеуметтану тұлғаның қоғам өмірінің барлық дерлік салаларындағы қызметін (отбасы, экология, саясат, құқық, білім беру мен тәрбие, мәдениет, т.б.) өзінің зерттеу пәніне жатқызады. Тұлға әлеуметтік қатынастар мен байланыстардың бастапқы агенті болып саналады. «Тұлға» дегеніміз кім? Бұл сұраққа жауап беру үшін «адам», «индивид», «тұлға» деген ұғымдардың арасындағы мазмұндық айырмашылықты біліп алуымыз керек. «**Адам**» деген – адамзат баласының жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипаттайтын жалпылама ұғым. «**Индивид**» адам тегінің нақты өкілі, жеке адам. **Индивидуалдық** – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығы.

Ал, «**тұлға**» дегеніміз, адамның тек табиғи-биологиялық қасиеті ғана емес, ол табиғаттан тысқары тұрған, тек қана қоғамда өмір сүріп, қоғаммен тығыз байланыс-қатынастар негізінде қалыптасқан адамдардың мәні. Мұны адамның әлеуметтік сипатының бастамасы деп те атайды. Нақтылап айтсақ, **тұлға** дегеніміз, индивидтің табиғаттан тыс адами қасиеті, яғни оның әлеуметтік өмірінің мәнді жақтарын сипаттайтын сапасы. Адам қоғамсыз өмір сүре алмайды. Менің өмір сүруім, сенің өмір сүруіңді және басқалардың өмір сүруін қажет етеді және керісінше де солай. Индивид – жеке-дара адам. Барлық адамға тән ортақ қасиет – ол тек қоғамда ғана өмір сүреді. Ол қоғам ішінде ғана нәтиже алады, себебі ол қоғамдық болмыс тәжірибесін бойына сіңіреді. Жаңа туған сәбидің ата-анасынан тәуелсіз өмір сүруге ешқандай қабілеті болмайды. Бұл жағынан ол жануар, хайуанаттардың кез келгенінен әлсіз екені белгілі. Мысалы, жұмыртқадан шыққан құс балапаны бірден тамақ іздеп жүгіреді. Ата-ананың, басқа адамдардың қамқорлық көмегінсіз адам баласы өсіп жетіле алмаған болар еді.

Тұлға проблемасына орасан көп зерттеулер арналған. Олардың бәрін үш үлкен топқа бөліп, қарастыруға болады:

1. **Тұлға проблемасының әдіснамалық және жалпы теориялық зерттеулері.** Бұл зерттеулер келесі әдіснамалық принциптер мен пробле-маларды ашуға арналған: сана және іс-әрекет бірлігі принципі; тұлғалық принципі, тұлғаның себептілік принципі, биологиялық пен әлеуметтіктің өзара қатынасы принципі, тұлға бойындағы даралық және қоғамдық сипаттар, субъект проблемасы, жүйелілік бағытының іске асып баруы, және т.б. Тұлға психологиясындағы жалпы теориялық проблемалар: тұлға құрылымы проблемасы, тұлға типологиясы, қозғалысы (динами-касы) және дамуы, т.б. проблемалар.

2. Тұлғаның нақты құрылым бірліктерін және тұлға ерекшеліктерін, яғни тұлғаның сеп-түрткі – қажетсіну аймағын, агрессивтігін, күйзелісін, мінезін және т.б. эмпирикалық талдауға арналған зерттеулер.

3. Тұлға жөніндегі біртұтас авторлық теориялар: Фрейд, Юнг, Рубинштейн және т.б. ғылыми көзқарастары.

Тұлға жөніндегі зерттелеулердің бұл үш тобы өзара байланысты келеді.

Психологиядағы тұлға зерттеулерінің жалпы бағыттарына шолу бере отырып, екі негізгі бағытты – номотетикалық және идеографиялық - ажырата атамай болмайды.

Номотетикалық бағыт – тұлға қызметтерінің жалпы, әмбебап заңдарын талдауды көздейді. Бұл салада қолданылатын басты әдістер – жаратылыстану әдістері: бақылау, эксперимент, деректерді математикалық – статистикалық өңдеу.

Идеографиялық бағыт – тұлға бірегейлігін, оның қайталанбас біртұтастығын дәріптейді де негізгі зерттеу әдістері ретінде рефлексия және «жекеленген жағдайлар» әдістерін қолдана отырып, олардан алынған деректерді теориялық жалпылыққа келтіреді әрі түсіндіре баяндайды.

. Әлеуметтану тұлғаның идеалды типін, яғни оның қоғамның идеясына сәйкес келетін немесе идеалды емес, яғни қоғамға сәйкес келмейтін типін, оның идеалды типтен қандай ерекшелігі, айырмашылығы барын зерттейді. Әлеуметтануда тұлға негізгі екі тұрғыдан қарастырылады:

а) тұлғаның қоғамдық қатынастар жүйесіне араласып, мұның бар жақсылықтарын бойына сіңіріп, тұлға ретінде қалыптасуын;

ә) әлеуметтік қатынастардың және саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде тұлғаны қарастырады.

Әлеуметтік мәртебе

Тұлғаның рөлдік теориясы адам әрекет-қылығын екі түсінік негізінде сипаттайды: «**әлеуметтік мәртебе**», «**әлеуметтік рөл**». Бұл теорияның негізгі тұжырымдарын берген қалымдар Т.Парсонс, Р.Мертон және т.б.

Әлеуметтік мәртебе (статус) – бұл тек өкілінің қоғамдық құқықтары мен міндеттері жүйесіндегі басқа да көптеген амал-әрекеттерімен байланысқан негізгі де нақты дәрежелік бағыт-бағдары.

Әр адамның әлеуметтік мәртебесі оның ішкі жандүниелік ұстанымдары мен құндылықтарынан, сондай-ақ сырттай кейпінен (киім киісінен, мінез-құлығынан, жүріс-тұрысынан, сөз саптау мәнерінен және т.б.) көрінеді. Әлеуметтік мәртебе өзінің жоғары деңгейінде болса – ол мақтаныш, ол тұлға қанағатының белгісі, ал егер ол төмен дәрежеде көрінсе, жек көрушілік, тіпті жеркеніш күйзелістерін туындатады.

Қай деңгейде болмасын, адамның әлеуметтік бағдар – бағытының ауысуы тұлғалық қасиет-сапалардың өзгеруіне себепші болады да, оның «Мен» құрылымына ерекшеленген сипат ендіреді, өзіндік санасы мен өзіндік бағамын жаңа арнаға салады. Адам араласқан әлеуметтік қатынастар жүйесі де жаңаланады, сырттай қатынастағы адамдар көзқарасы да ауысып, назарындағы тұлғадан күтетін тілек-ниеттері жүйесі өткендегі қалпынан шығады.

Әлеуметтік рөл

Әлеуметтік рөл – қоршаған орта адамдары қалау-күткеніне сәйкес нақты тұлғаның мәртебесіне орайласқан әрекет-қылық үлгісі (моделі), яғни өзге адамдардың өз әрекеттерін нақты мәртебелі тұлғада бекіген құқықтар мен міндеттерге сәйкестендіріп, немесе оларды бұлжытпай қайталап, орындауы.

Тұлғаның шығармашылық мүмкіндігі де осы әлеуметтік рөлді атқару барысында өз өрісін тауып, іске асып жатады. Субъект ретіндегі адамның өз әлеуметтік рөлін атқаруы оның қызығулары мен қажеттеріне сай болған білім, дағды және ептіліктерінен көрінеді.

Рөлдік әрекет-қылық – әрдайым әлеуметтік жүйе, сонымен бірге тек өкілінің субъектив құндылықты бағыт-бағдары, қызығулары мен қажеттеріне орай қойылатын шынайы рөлдік талаптар бірлігіне сәйкес іске асып отырады.

Сондықтан, әр адамның түрлі әлеуметтік топтармен, олар арқылы бүкіл қоғаммен байланыстыратын өз әлеуметтік рөлін орындау әрекеті тікелей оның санасы, психикасы, даралығы және бірегей «Мені» тұрғысынан өңдеуден өтеді.

2 Әлеуметтену. Тұлға туралы теориялар

Әлеуметтену - мәдениетке және қоғамға араласу үшін қажетті ережелерді, тәжірибелерді және құндылықтарды үйрену процесі.

Әлеуметтенудің басты сипаты әлеуметтік **рөлдерді үйрену** болып табылады.

Әлеуметтену жөніндегі теориялық көзқарастар

Құрылымдық-функциялық теория. Барлық құрылымдық-функциялық талдаудың алғышарты - функционалды қоғамда оның барлық элементтерінің ортақ игілік үшін үйлесімді жұмыс істеуі. Бұл әлеуметтенудің құрылымдық-функциялық талдауларына да қатысты.

Құрылымдық функцияшылдар мектеп, діни мекемелер, отбасы және басқа да әлеуметтік мекемелер балаларды әлеуметтік өмірге еркін араласуы үшін әлеуметтендіреді деп санайды. Отбасында балалар өз-өзін ұстауды, мектепте уақытқа және ережелерге бағынуды, ғибадат ететін орындарда рәсім жасауды (намаз оқуды немесе дұға етуді), жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс туралы дәстүрлі сенімдерді құрметтеуді үйренеді. Құрылымдық функционализм тұрғысынан алғанда осылай әлеуметтену ортақ игілік үшін қызмет етеді. Әлеуметтенудің арқасында жастар қоғамның бақытты әрі айтулы мүшесі бола алады. Ең жақсы жағдайда әлеуметтену құрылымдық функцияшылдардың сенімдеріне сай жұмыс істейді. Балалар ересектер әлеміне бейімделуді және болашақтағы өзгерістерге дайын болуды үйренеді. Алайда осы теорияның сыншылары балаларды қоршаған ортаға әлеуметтендіру кезінде оларды теңсіздікті қабылдауға үйрететінімізді, ал мұның кейін қоғамды жақсартуда қиындық тудыратынын айтады. Бұл - конфликт теориясы ғалымдарының көзқарасы.

Конфликт теориясындағы әлеуметтенуге қатысты көзқарас құрылымдық функционализмге кереғар болып келеді. Құрылымдық функционализм әлеуметтену барлық адамдарға пайда әкеледі десе, конфликт теориясы тек билік өкілдеріне ғана пайдалы деген болжам жасайды.

Конфликт теориясы әлеуметтену теңсіздікті арттыратын механизмдерді үдететінін баса көрсетеді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, ата-аналар қыздарға қарағанда ұл баланы жоғары бағалап, балаларын соған сай тәрбиелейді, мысалы, қыздан кешкі астан кейін ыдыс-аяқты жууды талап етсе, ұлға ойнауға рұқсат береді. Ал келесі бір зерттеушілер мұғалімдердің жұмысшы тап балаларын жазалау, мойынсұнуға үйрету арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін аяқасты етіп, жұмысшылар қатарын толтыруға мүдделі болуына көмектесетінін айтады. Сол сияқты тағы бір зерттеушілер шіркеу қызметкерлері, пасторлар, раввиндер және басқа дін өкілдері қарапайым халыққа бай да беделді этностық топтардың артықшылықтары Құдайдың қалауымен болғанын насихаттайды деп есептейді.

Әлеуметтенудің басқа пікірмен келіспеуі мүмкіндігін, әлеуметтік өзгерістерді жоя алатынын және теңсіздік тудыра алатынын түсіну үшін конфликт теориясы пайдалы. Ал тұрақты әлеуметтік жүйенің туындауы мен артықшылықтарын түсіндіру үшін бұл теорияның пайдасы аз.

Символдық интеракционизм теориясы адамдар мен топтардың адам мінез-құлқына және жағдайына қаншалықты ықпалы бар екенін қарастырады. Толықтыра түсетін болсақ, символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді көбінесе жеке адамның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік рөлдері тұрғысынан зерделейді. Символдық интеракционизм теориясы әлеуметтенуді талдауда екі негізгі ұғымға ден қояды, олар - «Мен» тұжырымдамасы мен рөлді қабылдау.

Өз мазмұны бойынша әлеуметтену құбылысы – **екі тарапты үдеріс**. Бір жағынан, ол – қоғам тарапынан әлеуметтік тарихи тәжірибені, рәміздерді, құндылықтар мен қалыптарды келесі әулетке жеткізу болса, екінші жағынан, - оларды тек өкілінің игеруі, өз меншігіне өткізуі (интериоризациялауы).

Бұл орайда **интериоризациялау** дегеніміз сырттай көріністі қоғамдық өмір үдерістерінің ішкі саналық үдерістерге өтіп, тиісті өзгерістерге келуі, яғни жалпылануы, сөздік (вербалды) формаға енуі, бұдан былайғы даму қабілетін иемденуі.

Тұлға үшін әлеуметтену үдерісінің алғашқы кезеңдердегі басты мәні - өз әлеуметтік орнын іздеп, табуы. Бұл үдерістегі тек өкілі үшін өзекті мәселе: 1) өз «Менін» тану; 2) өз «Менінің» мән-мағынасын түсіну.

Өз «Менін» тану мен оның мәнін түсіну тұлға дербестігінің орнығуы мен «Мен - бейнені» қалыптастыру үдерісінде әрқайсысы өз мағынасымен ажыралады.

Өз «Менін» тану ерте балалық шақта өтеді: 2-ден 5-жасқа дейін тік жүруге және сөйлеуге үйренеді, ойы мен санасы дамиды, күрделі іс-әрекет (сурет салу, таным қабілеті, еңбектену) дағдылары қалыптасады, ең бастысы – орта және соңғы балалық шақта мектеп оқуымен айналысу.

Өз «Менінің» мән-мағынасын түсіну – бұл тұлғаның құндылықты бой көтеріп, кемелденуі. Бұл үдеріс орта балалық шақта басталып, «Мен-ге» (яғни «маған») ұқсаған «басқа адамдармен» өзін ұдайы салыстыра бағалау негізінде жүріп жатады. Осы үдеріс барысында тұлғаның жақсылық пен жамандық, өмір мақсаты мен мәні және басқа да рухани–адамгершілік пен дүниетанымдық ұстанымдары жөніндегі түсініктері қалыптасады.

3. Фрейд теориясы

3. Фрейд элеуметтенудің келесідей психологиялық тетіктерін ажыратады: ұқсау (имитация), теңестіру (идентификация), ұят және кінә сезімдері.

Ұқсау (имитация) – баланың қандай да белгілі әрекет-қылық үлгісін саналы қайталауға тырысуы. Мұндай үлгі ата-ана, жақын-жуық, достарының және т.б. әрекеттері болуы мүмкін.

Теңестіру (идентификация) – қандай да қауымдастық мүшесі екенін сезіну. Өзін теңестіру арқылы бала ата-аналарының, ағайын- туыстарының, достарының, көршілерінің және т.б. әрекет-қылық үлгілерін, олар бойындағы құндылықты өнегелерді өзінің меншікті сапа-қасиеттері ретінде қабылдайды.

Психологиялық ұқсау мен теңестіру ұнамды тетіктер ретінде танылған, себебі бұлар белгілі әрекет-қылық қалыптарын қабылдауға бағдарланған. Ал ұят пен кінә – кейбір әрекет-қылық үлгілерін қабылдауға шек қояды немесе тіпті қабылдатпайды, осыдан мұндай тетіктер болымсыз не кері деп есептеледі.

Ұят, әдетте, адамды масқара, әшкере ету сезімімен бірге жүреді.

Бұл сезім тұлға әрекетін басқалар көзімен бағалауға негізделген.

Кінә сезіну – әр адамның өз айыбын өзі бағалауымен іштей күйзеліске түсуі. Адам өз жазасын өзі береді, ал мұны қадағалау әр тұлғаның өз ар- намысына байланысты.

Ч. Кули «Мен» тұжырымдамасы

Американ психологі Ч.Кули бала санасы мен оның өзіндік санасының қалыптасуында сол баланы қоршаған бастапқы ұжымдардағы өзге адамдар пікірлері мен түсініктерінің маңызды болатынына назар аударады.

Қоршаған орта адамдарының пікірлері тұлға үшін соншалықты маңызды да мәнді, себебі солардың ықпал-әсері арқасында тек өкілінің «Мен» сезімі дамиды. Ч. Кули бұл құбылысты «**айналы (зеркальное) Мен**» деп атаған.

Өзге адамдар – тек өкілінің көрінісін беретін айна іспетті, осы өзге адамдармен ұдайы қарым-қатынасқа келуден баланың өз «Мені» қалыптасады, яғни адам «Мені» әрбір тек өкілінің басқалармен ықпалдасты байланысынан туындайды. Шынында да «айналы Мен» баланың өзіндік санасының маңызды элементі есептеледі. Осының арқасында балада өзіндік баға беру қабілеті дамиды, өз бойына басқалар көзімен қарауға үйреніп, өзін олардан саналы түрде ажырата біліп, өз қадірін мақтанышпен тануға немесе өз «Менін» қадірлемеуге дағдыланады. Уақыт өтумен, бастапқы ұжымдардағы әлеуметтік ықпалды байланыстардың кеңеюімен субъективті «Мен» нығайып, тұрақтана бастайды: қоршаған адамдар ықпалымен тек өкілінің өзіндік қадағалау, бақылау қабілеті артады, әлеуметтік топ қалыптары мен құндылықтарын жоғары дәрежеде игеруге қол жеткізеді.

Ч. Кули теориясының ұнамды тарапы – адами «Мен» қалыптасуында әлеуметтік қарым-қатынастарға үлкен мән беріп, кіші әлеуметтік топтардың ықпалын жоғары бағалауында. Дегенмен, ол бала өміріндегі «Мен» дәрежесінің кемелденуінде бастапқы ұжымдардың ролін әсірелей отырып, әлеуметтік мекемелер ықпалына ақау түсірді. Мемлекеттік тапсырыс және арнайы тәрбие болмаған жерде болымды «Мен» қалыптаспайтынын Ч.Кули ескермеді.

Дж. Мид тұжырымдамасы

Американдық ғалым- психолог Дж.Мид баланың әлеуметтік кемелденуінде әлеуметтік қарым-қатынастармен бір қатар, адамдармен араласу барысында қолданылатын рәміздер және ым-ишараларды түсініп әрі пайдаланудың үлкен маңызды болатынына баса назар аударды.

Өзара түсінісу мен әлеуметтік қатынастарға келуде Дж.Мид балалық шақтағы басқа адамдар рөлін қабылдау қабілетіне байланысты екеніне ден қойды. Мұндай қабілеттің орнығуында балалық шақтағы ойындар маңызды болатынын алға тартты. Ұжымдық ойынға енуден бала белгілі рөлді атқаруға кіріседі, соң өсіп тәжірибе жинақтай отырып, ол ойынға қатысқан бірнеше адамдардың рөлін орындауға тырысады.

Сонымен бірге, оның ақылы, өзіндік санасы дамиды, келе-келе әлеуметтік топ қалыптары мен құндылықтарын меңгере бастайды, өзіне болған талаптар мен ұстанымдардың мәнін түсінетін болады.

Кемелге жетіп, «Мен» дәрежесіне көтерілген тұлғаның **көрсеткіші** – әлеуметтік топ қалыптары мен құндылықтарын, сол әлеуметтің өзіне қойған талаптары мен ұстанымдарын қабылдауы, яғни Дж. Мид пікірінше, бұл нақты тек өкіліне қойылған талаптар мен ұстанымдардың жалпыланған ұжымдық бейнесі.

Өзі қатысып отырған әлеуметтік топ талаптары мен ұстанымдарын қабылдағаннан бастап, тек өкілі өзінің кемелденген субъектив «**Меніне**» ие болады.

Осы сәттен бастап, ол топтың басқа да мүшелерімен бірге топ мүдделеріне ортақтасып, жалпы проблемаларды шешуге араласады.

Э. Эриксон тұжырымдамасы

Э.Эриксонның пікірінше, даму кезеңінің дәл сол қоғамға лайық тұлғадан күтетін бір үміті бар. Жеке тұлға үмітін ақтауы да, ақтамауы да мүмкін, сонда ол қоғамға сіңіп кетеді немесе қабылданбайды. Эриксон бойынша әр кезеңде лайықты мәселелердің шешілуі тұлғаның психомоторлық даму деңгейіне байланысты, сондай-ақ тіршілік етіп жатқан қоғамдағы рухани атмосфераға да байланысты. Эриксонның осы ойлары оның тұжырымын түсіндіретін екі маңызды түсініктің негізі, ол «топтық ұқсастық» және «эго-ұқсастық» түсініктері болып табылады. Өмірінің бірінші күнінен бастап баланың тәрбиесі көзделген әлеуметтік бір топқа енгізуге бағытталған, міне, осы бағыттың арқасында топтық ұқсастық қалыптасады. Эго – ұқсастық, топтық ұқсастықпен бірдей қатарласып қалыптасады және де субъектінің тұрақтылық сезімін тудырады. Адамның өсуіне, дамуына байланысты өзгерістерге қарамастан өзінің «Мен» деген сезімі үздіксіз тұрақтанады. Тұлға тұтастығының, яғни эго-ұқсастықтың қалыптасуы оның бүкіл өміріне созылады, және бірнеше кезеңнен өтеді.

Әміршіл-әкімшіл қоғамдағы әлеуметтену – жас әулеттің ересектер ұстанымын бұлжытпай қайталап, орындауы. Ал өркениетті демократияшыл қоғамдағы әулеттер арасындағы қатынастар теңдік пен қызметтестік негізінде болып, жаңа әулеттің жалпыадамзаттық құндылықтар шеңберінде дамуына жол ашуы басты шарт.

Тек өкілінің әлеуметтік мұраға ортақтасуы – оның қоғам мәдениетін қабылдауы.

Мәдениет – бұл рухани және материалды құндылықтарда, әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарда көрініс берген адам- зат табысы. Адамдардың әрқилы өмір саласындағы (еңбек, тұрмыс, қоғамдық және саяси тіршілік, т.б.) қажетті әрекет-қылық, қалып, талаптарының бәрі – мәдениетте көрінеді. Тек өкілінің әлеуметтену нәтижесі оның әлеуметтік құнды деп танылған ерекшеліктерінде: ақыл, мінез, іс-қимыл әрекеттерінде, тәрбиелілігі мен оқымыстылығында, қоғамдық бейімдесе білуінде байқалады.

Тек өкілінің әрқилы жас даму кезеңдеріндегі психикасы белгілі сапалардың дамуына бейім келеді. Әлеуметтену үдерісінде тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен мінез бітістері, жалпыланған әрекет-қылық әдістері мен принциптері қалыптасады.

Сонымен, **әлеуметтену** – бұл әлеуметтік мекемелердің арнайы бағытталған жағдайларында немесе тұлғаға болған әртүрлі өмірлік шарттардың кездейсоқ ықпалынан туындайтын әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметке бейімдескен әрекет-қылық әдістері жүйесін игеру үдерісі (сонымен бірге – нәтижесі).

Әлеуметтенудің келесідей **кезеңдерін** ажырата көрсетуге болады:

- 1 **Бейімделу кезеңі** (туғаннан жасөспірімдік шаққа дейін бала әлеуметтік тәжірибені ойланбастан қабылдайды, соған бейімдеседі, икемделеді, еліктейді).
- 2 **Даралану кезеңі** (басқалар арасынан өзін бөле көрсету ниеті пайда болады, қоғамдық әрекет-қылық қалыптарын сындарлы ой қалыбына сала, қабылдайды).
- 3 **Бірігу** (интеграция) **кезеңі** (қоғамдағы өз орнын табу ниеті пайда болып, қоршаған ортамен үйлесім табуға ұмтылыс жасайды).
- 4 **Еңбеккерлік кезеңі** (адам тек әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қана қоймастан, өз еңбек әрекетімен қоршаған дүниеге ықпал жасап, сол тәжірибені қайта жасайды, өңдеп жаңа өнімге айналдырады).
- 5 **Еңбеккерліктен соңғы кезең** (әлеуметтік тәжірибені қайта жасауда әрі оны келесі әулетке өткізуде үлкен де маңызды үлесімен танылатын адамның егде жасы).

3. Тұлғаның әлеуметтену процесі.

Жоғарыда көрсетілгендей, тұлға дегеніміз, жоғары шарықтап дамыған, жан-жақты, терең жетілген адам. «Тұлға» ұғымы адамның әлеуметтік дамуының сапалық көрсеткіші. Бұл адамның биологиялық табиғи қасиеті емес. Ол тек қана адамның әлеуметтік орта жағдайында ғана пайда болады, яғни тұлға-қоғамдық қатынастардың жемісі. Сондықтан индивидті тұлғаға айналдыру процесін әлеуметтендіру дейміз. Тұлғаның қалыптасуы белсенді іс-әрекет, қызмет істеуде және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда іске асады. **Тұлға** – белгілі тарихи-мәдени ортада өмір сүретін, қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық және моральдық (яғни адамгершілік) қасиеттерді бойына сіңірген, шынайы өмірді тануға және өзгертуге бағытталған жасампаз іс-әрекет субъектісі. Басқаша айтқанда, тұлға қоғамның өмір тәжірибесін бойына сіңіріп, жан-жақты жетілген адам. Тұлғаны одан әрі әлеуметтендіру процесі тек қана адамдардың алуан түрлі бірліктері мен топтық шеңберінде болуымен шектелмейді. Тұлғаны әлеуметтендіру оны өз бетімен еркін адамзаттың алдыңғы қатарлы тәжірибелеріне, мәдени бағалы құндылықтарына, нысандарына, бағыттарына, т.б. белсенді араласып, оларды терең игеруге, бойына сіңіруге, өңдеуге мәжбүр етеді. Бұларды игерудің нақтылы **жолдары** болады. Олар: а) іс-әрекет, қызмет, бұған ойын, оқу, еңбек ету жатады; ә) қарым-қатынас, бұл – адамдардың бір-бірімен ұдайы, үздіксіз алуан түрлі қоғамдық қатынастарда болуын керек етеді.; б) өзіндік сана–сезімді дамыту, бұған ми мен жүректің өз бетінше қызмет, іс-әрекет етуі жатады.

Осылардың негізінде тұлғаның ерекшелік қасиеттері одан әрі тереңдей түседі, оның әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі тануы, өзінше бағалау қасиеттері қалыптасады. Әлеуметтік тәжірибеде, мәдениетте сабақтастық болады.

Бұл бағалы, құнды нысана-бағыттарды, тәжірибелерді, іске бейімделуді, мұраттарды ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру, бұларды толық игеріп, меңгеру, өмірде нақты қолданумен тығыз байланысты.

Құндылық, бағалық мұраттар, бағыттар адамның нақты дүниедегі бағалы, құнды қатынастарын анықтайды, өйткені бағалық-құндылықтар адамның талап-тілегін, мұқтаждығын, мүддесін қанағаттандырады, ал, ол екінші жағынан, адамның белсенді іс-әрекеттерінің, қызметінің көзі болып саналады. Осындай жағдайларға байланысты әрбір адамды әлеуметтендіру қоғамның дамуындағы көкейтесті мәселелердің қатарына жатады.

Адам тұлғаға айналуында екі үлкен кезеңнен өтеді. **Біріншісі**—тұлғаннан ер жеткенге дейін. Екіншісі—ер жеткен, кемеліне келгеннен кейінгі кезең. Бірінші кезеңде жасөспірім бала сыртқы дүние туралы белгілі бір деңгейде білім жиынтығының жүйесін, негізгі бағалы, құнды бағыттар мен нұсқауларды игеріп, меңгереді. Ол бірнеше әлеуметтік рөлдер атқарады. **Екінші** кезеңде тұлғаның бүтін, біртұтас көзқарасы, идеологиясы және белсенділігі, өмірлік құбылыстарға байланысты бағыты қалыптасады. Осы екінші кезеңде тұлға әлеуметтік сипатта болады, оның өмірлік стратегиясы және өзіндік ерекшелігі басым көрінеді. Тұлғаға айнарудың бірінші кезеңі барлық адамдарда бар, бірақ, екінші кезеңнің сипаты барлық адамдарда байқала бермейді.

Тұлға әлеуметтенуінің негізгі **көздері**:

- 1) ерте балалық шақ тәжірибесі – психикалық қызметтер мен әрекет- қылықтық қарапайым формаларының қалыптасуы;
- 2) әлеуметтік мекемелер – тәрбие, оқу, білім жүйелері;
- 3) қарым-қатынас және іс-әрекет үдерісіндегі адамдардың өзара ықпал-әсері.

4. Девиантты мінез құлық әлеуметтануы

Адамның іс-әрекеті деп, оның мұқтаждығы мен алдына қойған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған әрекеттердің жиынтығын айтамыз.

М.Вебер атап көрсеткендей, адамның мінез-құлқы деп, оның іс-әрекетінің, қызметінің сыртқы көрінісін айтады. Оның негізгі үш түрі болады: а) инстинктивті; ә) қарапайым; б) әлеуметтік. Мінез-құлықтың бірінші және екінші түрі көбінесе саналы, ерікті емес түріне жатады да, оның әлеуметтік мәні болмайды.

Мінез-құлықтың мұндай түрлерін, психология ғылымы зерттейді. Екінші жағынан, кейбір осындай тәртіптің түрлерінде әлеуметтік жақтар болуы мүмкін. (Мысалы, білместіктен, байқаусыздан жасалған қылмыстар). Мінез-құлықтың саналы өз үлгісі тек адамға ғана тән. Ол адамның ақыл-ойының көмегімен еркін бақылауы арқылы іске асырылады. Сондықтан оның әлеуметтік маңызы және әлеуметтік мәні болады. Мұндайды әлеуметтік мінез-құлық деп санайды.

Әлеуметтік мінез-құлық әр түрлі болады, олар:

- а) **индивидуальды** (яғни, жеке адамның мінез-құлқы);
- ә) **ұжымдық** – бұл жалпы мұқтаждығы, талап-тілегі және іс-әрекет мақсатының бірлігі негізінде құрылған ұйымдасқан топтың мінезі-құлықтары;
- б) **бұқаралық** – бұл бір типті, әрі ұйымдаспаған үлкен бұқара тобының мінезі-құлқы.

Жеке адам мінез-құлығының құрылымы **үш элементтен** тұрады:

а) мотивация, мұқтаждық пен себеп-дәлелдердің көкейтесті мәселелері;

ә) шешімдер, яғни шешімнің мақсаты, оны іске асырудағы құралдарды іріктеп алу, жоспарлау;

б) іске асыру, өмірге ендіру. Бұл қоршаған ортаға әсер ету, болатын нәтижені талдау, іс-қимылдарды жүзеге асыру.

Әлеуметтік мінез-құлықтың өлшемі болып қылық (поступок) саналады.

Қылық—бұл іс-әрекет. Мұның әлеуметтік маңызы және мәні болады. Мысалы, анасы баласына уақытында тамақ бермесе? Бұл жағымсыз қылық болып есептеледі.

Әлеуметтанулық білімнің шеңберінде арнайы, жеке әлеуметтанулық теория – **девиантты мінез-құлық** әлеуметтануы қалыптасып, дамуда. Ғылымның бұл саласының негізін қалаушы болып Эмиль Дюркгейм есептеледі, сондай-ақ, оның дамуына Р. Мертон, А. Коэн, Т. Селлин, Г. Беккер, Д. Китсус, К. Эриксон, т.б. ғалымдар әсерін тигізді. Әлеуметтанулық білімнің бұл саласы қоғамдағы девиантты (лат. *deviatio* – ауытқу) мінез-құлқын зерттеуге бағытталған.

Әлеуметтануда девиантты мінез-құлыққа өте көп анықтама беріледі. Көбінесе «девиантты мінез-құлық қоғамдағы қалыптасқан нормалар мен типтерге сәйкес келмейтін әрекеттер» ретінде анықталады.

Тар мағынада **девиация** дегеніміз индивидтің немесе адамдар тобының нормалардан жағымсыз ауытқуы (мысалы, заңнан ауытқу). Н. Смелзердің ойынша, девианттылық – бұл іс-әрекеттердің әлеуметтік күтулерге сай келуі немесе келмеуі, сонымен бірге «топтың нормаларынан ауытқуы болып табылатын және оқшаулауға, емдеуге, түзетуге немесе басқа жазаға әкеп соғатын мінез-құлқы».

И. С Кон бойынша девиантты мінез-құлық **екі үлкен категорияға** бөлінеді. **Біріншіден**, девиантты мінез-құлық – бұл психикалық денсаулық нормаларынан ауытқу, мұның негізінде анық немесе көрінбейтін психопатология жатыр. **Екіншіден**, девиантты мінез-құлық қоғамға қарсы мінез-құлық болып табылады. Мұның негізі әлеуметтік, мәдени және құқықтық нормалардан ауытқу арқылы құрылады.

Бұл әрекеттер аса маңызды болмаған жағдайда оларды құқық бұзушылық деп атайды. Ал қатал және қомақты жазаланатын әрекет болса оны қылмыс деп атап, әңгіме делинквентті мінез-құлық туралы болады. Сонымен делинквентті мінез-құлық дегеніміз ресми белгіленген нормалардан ауытқу .

Әлеуметтік күрделі ауытқуды «**әлеуметтік патология**» деп атайды. Мұның салдарынан қоғам мен тұлға мүдделеріне үлкен зиян келеді. Әлеуметтік патологиялық құбылыстар деп қоғам үшін едәуір қауіпті әлеуметтік ауытқуларды, мысалы, қылмыс, нашақорлық және миға зиян келтіретін заттарды пайдалану, өзін-өзі өлтіру, алкоголизм және т.б.

Я. И. Гилинскийдің айтуынша, әлеуметтік ауытқу қоғамға пайдалы да болуы мүмкін. Оның мысалы жаңалық енгізу, әлеуметтік шығармашылықты жатқызады. Көбінесе девиантты мінез-құлықты бұзылған норманың түріне байланысты (құқық, мораль, діни, саяси, т.б. нормалар) бөледі. Сонымен бірге сыртқы ортаға бағытталған **экстравертивті** (ол мінез-құлық мақсатты немесе аффективті болуы мүмкін, мысалы, қинау себебінен қылмыс жасау) және өз-өзіне бағытталған **интравертивті** мінез-құлықтарды бөледі (мысалы, ішу, нашақорлық, өзін-өзі өлтіру).

Сондай-ақ, девиантты мінез-құлықтың институционалданған формалары, яғни оны мәдениет элементі ретінде қарау,, кең таралған мысалы өзін-өзі өлтіру, (харакири, сати, т.б.), жезөкшелік (ежелгі храмдар), наша қабылдау салттары.

Ауытқу адамдар санасы мен мінез–құлқында біртіндеп қалыптасады, сондықтан «алғашқы және екінші ретті девиация» түсініктерін бөледі. **Алғашқы девиация** – маңызды емес немесе адамгершілікке жатпайтын әрекеттер жасауды білдіреді. Кейбір ауытқуларға қоршаған адамдар көз жұма қарайды, ал кейбір ережелерді мойындамайтын адам өзін оларды бұзушы ретінде қарастырмайды. Бір уақытқа дейін мұндай әрекеттерге мән берілмейді, мысалы, спирттік ішімдіктерді кездейсоқ адамдармен ішу.

Ауытқу мінез–құлқының **екінші** деңгейінде адамды қоршаған әлеуметтік орта немесе ресми ұйымдар ашық түрде мораль мен құқық нормаларын бұзушы деп мойындайды. Мұның нәтижесінде оның әрекеттеріне белгілі бір жауап болады. Ауытқу мінез-құлқын қарастырғанда жеке және топтық девиация түрлерін бөлуге болады. Жеке девиация мораль мен құқық нормаларын бір адамның бұзуын айтады, ал топтық девиация кей әлеуметтік топтың әрекетінің бейнесі болып табылады, мысалы, қылмыстық топ немесе жағымсыз секталардың субмәдениеті. Ғылыми әдебиеттерде ауытқу мінез-құлығын зерттеуге бағытталған теориялық концепциялар өте көп.

Кем дегенде **үш теориялық-методологиялық** көзқарасты айтуға болады, бұлар әлемдік әлеуметтануда және психология шеңберінде дамыды. **Біріншіден**, әлеуметтік құрылымдық әдіс, бұл ең алдымен Маркс пен Энгельстің әлеуметтік дау теориясы мен экономикалық детерминизм теориясын, құрылымдық функционализм теориясын, әлеуметтік дезорганизация мен аномия теориясын қамтиды. **Екіншіден**, девиантты мінез–құлықты зерттеудегі мәдениеттанулық көзқарас, оған Р. Мертонның социомәдени аномия теориясы, Т. Селлиннің мәдениеттер конфликтісі теориялары жатады. **Үшіншіден**, тұлғалық көзқарас – Ч. Ламбронның антропологиялық үлгісі, Э. Сатерлендтің дифференциациялану теориясы, Э. Фроммның әлеуметтік сипат және адамның деструктивтілік теориясын енгізуге болады.

Рұқсат етілген, яғни қоғаммен мақұлданған мінез-құлық деңгейінің маңызды көрсеткіштері болып қоғамның, топтар мен индивидтердің мәдениетінде, өмір сүру салтында бекітілген әлеуметтік нормалар табылады, олардан ауытқуды патология ретінде қарастырады.

Санкциялар – әлеуметтік нормалардың сақталуына кепілдік беретін жазалаулар мен марапаттаулар. **Құндылықтар** – жақсылық, әділеттілік, патриотизм, достық, т.б. не екені туралы көпшілік адамдардың әлеуметтік мақұлдайтын және бөлісетін көзқарастары.

Девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлері

Қылмыс



Маскүнемдік



Наркомания



Суицид



Р.Мертон
бойынша
девиацияның
түрлері

Конформист-
көрсетілген
девиациялар
қатарына
жатпайтын,
өзіндік нақты
алға қойған
мақсаты бар
адам

Инноватор –
қоғамдық
құндылықтарды
мойындайтын,
бірақ өзіндік
мақсатына
қол жеткізбеген
адам

Ритуалист –
салт –
дәстүрлерді
негізге ала
отырып өз
іс
әрекеттерін
жүзеге
асыратын
адам

Ретреат-
заңдылықтар
мен құндылық
тарды
мойындамай
өз іс әрекетін
жүзеге
асыру
арқылы
қылмыс
жасайтын адам

Бунт-
әлеуметтік
идеалдан
артта қалған,
төңкерісшіл
адам

В.Шелдон
бойынша
девиациялық
қылмыстың
түрлері

Эктоморф – экто
сырттай дегенді
білдіреді,
арық денелі,
заңды бұзуға
негізделмеген
тұлға

Эндоморф- ішкі
Дегенді білдіреді
толық денелі,
адамдармен
тіл табыса
білетін тұлға,
бірақ кездейсоқ
қылмыскер
атануы мүмкін

Мезоморф-
орташа,
аралық дегенді
білдіреді.
Шымыр денелі,
қылмысқа
бір табан
жақын тұлға

5. Әлеуметтік бақылау

Әлеуметтік бақылау дегеніміз, оның ішінде құқықтық түрде де реттеу арқылы әлеуметтік жүйені құрайтын элементтердің өзара әрекетін реттеу жолымен қамтамасыз етеді және сол жүйенің өздігінен басқарылу тәсілі болып табылады.

Сол сияқты әлеуметтік бақылау дегеніміз—ол жеке дара адам мен (индивидтің) қоғамның, азамат пен мемлекеттің өзара қатынастарын реттейтін құрал. Әлеуметтік бақылау шеңберіндегі әлеуметтік қатынас дегеніміз, ол – субъект (адам, адамдардың алуан топтары мен бірлестіктері, т.б.) мен объектінің (сырт дүниенің), жай ғана қатынасы емес, бұлар әр түрлі сипаттағы элементтердің өзара қарым-қатынастары.

Сөйтіп әлеуметтік бақылау дегеніміз, ол индивидтердің әлеуметтік тәртібін тек саяси мекемелердің ғана тұрғысынан емес, сонымен қатар басқа да әлеуметтік мекемелердің (яғни, білім берудің, мәдениеттің, мораль, т.б.) тарапынан да реттеу болып табылады.

Әлеуметтік бақылау – топтың, ұжымның, қоғамның тұрақтылығын, бірлігін сақтайды.

Әлеуметтік бақылау **үш форма** арқылы жүзеге асады:

- 1) өз-өзімізді іштей бақылау арқылы;
- 2) бейресми бақылау арқылы: достарымыз бен жақындарымыз ережеге бағынғанымызды құптап, ереже бұзғанымыз үшін жазалайды;
- 3) ресми бақылау арқылы: мемлекет немесе басқа органдар ереже бұзушылықты тыйып отырады.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Тұлға проблемасы зерттеулерінің түрлерін атаңыз.
2. Әлеуметтік рөл және әлеуметтік мәртебе деген не?
3. Әлеуметтенудің кезеңдері.
4. Девиантты мінез-құлық және оның түрлеріне сипаттама беріңіз.
5. Девиантты мінез-құлық жайлы қандай теориялық-методологиялық көзқарас бар?
6. Әлеуметтік бақылау деген не?

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иекенов А.И. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2004
2. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері. Алматы, 2007
3. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
4. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
5. Волков Ю.Г. Социология: Учеб. – Ростов н/Д: Феникс, 2009.
6. Добренъков В.И. Социология: Учеб. – М.: ИНФРА-М, 2009.
7. Кравченко А.И. Социология: Учеб. – М.: Велби; Проспект, 2009.
8. Мухаев Р.Т. Социология. Конспект лекций: Учеб. пособие. – М.: Проспект, 2008.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
